

## Қабанбай ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Қабанбай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі N 51 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 21 қазанда N 2-5-124 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына, Алакөл аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімінің негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қабанбай ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қабанбай ауылындағы Черкашина көшесі Исмағұлұлы Айқан көшесі атауына **ө з г е р т і л с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру Қабанбай ауылдық округ әкімінің орынбасары Резеда Изатуловна Хусаиноваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қ а б а н б а й а у ы л д ы қ**  
**округінің әкімі:** *С.А. Байсалбеков*